



**Тракторлар, басқа өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын жүргізуге рұқсат беретін тракторист-машинист куәлігін беру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі 2 желтоқсан 1994 ж. N 31. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық нормативтік актілерді тіркеу бөлімінде 1994 жылғы 12 мамырда тіркелді. Тіркеу N 31. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 33 (V042725) бұйрығымен.

Бекітемін	Бекітемін
Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасы
Білім министрінің орынбасары	Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары
-----	
4 қараша 1993 жыл	29 қазан 1993 жыл

Қ а з а қ с т а н	К е л і с і л д і :
І ш к і і с т е р	Р е с п у б л и к а с ы
М А И б а с	м и н и с т р л і г і н і ң
	б а с қ а р м а с ы н ы ң
	б а с т ы ғ ы

1 қараша 1993 жыл

**Тракторлар, басқа өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын жүргізуге рұқсат беретін тракторист-машинист куәлігін беру туралы НҰСҚАУ 1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Нұсқау Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 тамыздағы N 735 қаулысына сәйкес әзірленіп, тракторлар, басқа өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық, жол-құрылыс машиналарын жүргізуге рұқсат беретін тракторист-машинист куәлігін берудің бірыңғай тәртібін белгілейді және Қазақстан Республикасы территориясында міндетті түрде іске асырылады.

1.2. Барлық тракторлар және өздігінен жүретін машиналар типіне, белгіленген жұмыс қызметіне және басқару ерекшеліктеріне қарай "А", "Б", "В",

"Г", "Д" және "Е" категорияларына бөлінеді.

Тракторист-машинистердің куәліктерінде тұсына рұқсат белгілері қойылған категорияға жататын тракторлар, өздігінен жүретін машиналарды ғана жүргізуіне құқылары бар.

"А" - класы 14 кН (1,4тс) дейінгі доңғалақты тракторлар;

"Б" - класы 14 кН (1,4 тс) жоғары доңғалақты тракторлар;

"В" - шынжыр табанды тракторлар;

"Г" - механикалық трансмиссиялы өздігінен жүретін тракторлар;

"Д" - гидростатикалық трансмиссиялы өздігінен жүретін машиналар;

"Е" - мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары, оның ішінде шөмішінің сыйымдылығы 0,65 куб, м дейінгі экскаваторлар.

1.3. Колхоз, совхоздардың және ведомстволық бағыныштылығы мен меншік түрлеріне қарамай барлық басқа шаруашылықтар, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелердің тракторист-машинистері үшін, сонымен қатар жеке меншігінде тракторлары, басқа өздігінен жүретін машиналары бар азаматтар үшін сақтандыру талонымен бірге тракторист-машинист куәлігінің бірінғай формасы енгізіледі (1 және 2 қосымша).

1.4. Тракторист-машинист куәлігі мен сақтандыру талонын мемауылтехқадағалаудың облыстық және аудандық инспекциялары береді.

1.5. Куәлік сақтандыру талонымен бірге тракторист-машинистерге Қазақстан Республикасының барлық территориясында тракторлар, басқа өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын жүргізуге рұқсат береді.

1.6. Мемауылтехқадағалау инспекциясы куәлікті сол ауданда (қалада) тұрақты немесе уақытша тұратын азаматтарға ғана береді.

## **2. Тракторист-машинист куәлігін беру және білім тексеру жұмыстарын ұйымдастыру**

2.1. Тракторист-машинист куәлігі машиналарды техникалық пайдалану, жол жүру ережелері мен практикалық машина жүргізу дағдыларынан білім тексерілген соң беріледі. Білім тексеру мемауылтехқадағалау инспекциясының қызметкері, оқу орындары, шаруашылықтар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың өтініштері бойынша жүргізіледі.

2.2. Практикалық жүргізу дағдыларын тексеру үшін керек тракторларды және басқа өздігінен жүретін машиналарды, оқу орындары, шаруашылықтар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың өздері қамтамасыз етеді.

2.3. Белгіленген категориядағы машиналарды жүргізуге рұқсат беретін

тракторист-машинист куәлігін алатын азаматтар төмендегідей құжаттарды тапсыруы керек:

оқу орындары, шаруашылық, кәсіпорын және мекемелер комиссияларынан берілген біліктілік куәлігі;

тракторлар, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиоративтік және басқа машиналарды жүргізуге жарамдылығы туралы белгіленген үлгідегі медициналық анықтамa ;

емтихан алғаны және куәлік берілгені үшін төлеген жарнаның квитанциясы; жеке басты куәландыратын құжат; мөлшері 3 x 4 см, төменгі оң жақ бұрышы ақ, бір фотосурет; сақтандыру талонымен тракторист-машинист куәлігі (басқа категориялардағы машиналарды жүргізуге рұқсат алған жағдайда).

Емтихан және сақтандыру талонымен тракторист-машинист куәлігі үшін шаруашылық, кәсіпорын, ұйымдар мен мекемелер жіберген азаматтарға жарнаны бюджеттің 12 бөлімі 32 параграфындағы табысына қосу үшін олардың бухгалтериясы Ұлтбанк мекемелеріне, ал жекелеген азаматтар - Халық банк мекемелеріне төлейді.

2.4. Тапсырылған құжаттар туралы мәліметтер мен білім тексеру қорытындысы ведомостке (3 қосымша) түсіріледі, оған білім тексеруге қатынасқан адамдар қол қояды.

2.5. Өз күшімен машина құрастырып, даярлаған азаматтарға арнаулы даярлық курстарынсыз жол жүру ережелерімен машина жүргізудің практикалық дағдыларынан емтихан тапсырған соң тракторист-машинист куәлігі берілуіне болады.

2.6. Жеке меншігінде тракторлары, басқа өздігінен жүретін машиналары және автомобиль жүргізу, механик-жүргізуші немесе басқа өздігінен жүретін машиналарды жүргізуге рұқсат беретін куәліктері бар (бұл куәліктерді алу үшін жол жүру ережелерін білу керек) азаматтарға тракторист-машинист куәлігі даярлық курстарынсыз, өз меншігіндегі машиналарды жүргізудің практикалық дағдыларынан емтихан тапсырған соң берілуіне болады.

Жол жүру ережелерінен емтихан тапсырудан босату тек олардың манишаларда жұмыс істеген уақытындағы үзіліс бір жылдан аспаған уақытта ғана болады. Бұл жағдайда тракторист-машинист куәлігін алушы азаматтардың білім деңгейін тексеру ведомосінің 6 графасына автомобиль жүргізу және басқа куәліктердің аты, сериясы, реттік саны және берілген уақыты толтырылады.

2.7. Жоғарғы немесе орта ауыл шаруашылық оқу орындарын "ауыл шаруашылығын механикаландыру" мамандығы бойынша бітірген азаматтарға тракторист-машинист куәлігі дипломның көшірмесін және жол жүру ережелерімен машина жүргізудің практикалық дағдыларынан емтихан тапсырған

с о ң б е р і л е д і .

2.8. Жол жүру ережелерінен қанағаттанарлықсыз білім көрсеткен немесе машина жүргізудің практикалық дағдыларын игермеген кісілер, қайта емтиханға 5 күннен соң ғана жіберіледі.

2.9. Сақтандыру талонымен бірге тракторист-машинист куәлігі берілген кезде олардың сериясы және реттік саны, реттік сан тәртібі бойынша куәлік тіркелінетін Кітапқа (4 қосымша) және біліктілік куәлігіне түсіріледі. Олар мемауылтехқадағалау инспекциясының мөрімен куәландырылады. Біліктілік куәлігі иесіне қайтарылады.

2.10. Тракторист-машинист куәлігімен сақтандыру талонына мемауылтехқадағалау қызметкері қол қойып, инспекцияның мөрімен куәландырылады.

2.11. Берілген тракторист-машинист куәлігінің жүргізуге рұқсат берілген трактор (машина) категорияларының графасының тұсына штамппен "Рұқсат" деген белгі соғылады. Басқа категориялардың графаларына қиғаш белдеу сызығы бар штамп басылмайды, сақтандыру талонының жүргізуіне рұқсат берілмеген машиналардың категориясының графалары дөңгелек формалы компостермен т е с і л е д і .

Тракторист-машинистер басқа категориядағы машиналарды жүргізуге рұқсат алған жағдайда, осы категориядағы машиналарды оқығаны туралы біліктілік куәлігі негізінде емтихан тапсырған соң, жаңа сақтандыру талоны беріліп, тракторист-машинист куәлігінің тиісті жаңа категориясының графасына штамппен "Рұқсат" деген белгі соғылады.

2.12. Жеке меншігінде тракторлары, басқа өздігінен жүретін машиналары бар азаматтарға берілген тракторист-машинист куәлігінің машиналар категориясының графаларына рұқсат етілетін белгі соғылмайды. "Ерекше белгілер үшін" графасына "Рұқсат, жекеменшіктік" немесе "Рұқсат. Қолдан жасалған" деген штамп соғылып, машинаның аты мен маркасы көрсетіледі. Куәліктің барлық машиналар категориясы қиғаш белдеу сызығы бар штамппен, ал сақтандыру талонының дөңгелек формалы компостермен өшіріледі.

2.13. Сақтандыру талоны тек өзінде реттік саны көрсетілген тракторист-машинист куәлігімен ғана жарамды.

2.14. Куәлік және сақтандыру талоны жеке кісілерге паспорты және басқа оны алмастыратын құжаттар бойынша, куәлік тіркелетін Кітапқа қол қойылған с о ң б е р і л е д і .

2.15. Куәлік сақтандыру талонынсыз жарамсыз болып табылады.

2.16. Тракторист-машинистердің куәлігі алынған жағдайда, сақтандыру талонымен сол күннен бастап 15 тәулік ішінде рұқсат берілген категориялардағы

машиналарды жүргізуіне болады. Қажет болғанда сақтандыру талонының күшінің мерзімін ұзартуға болады.

### **3. Тракторист-машинист куәлігін алмастыру тәртібі**

3.1. Тракторларды және басқа өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық, жол-құрылыс машиналарын жүргізуге рұқсат беретін тракторист-машинист куәлігінің күшінің мерзімі шектелмейді және олар қолдануға жарамсыз болған жағдайда алмастырылады.

3.2. Куәліктерді алмастыру, тракторист-машинистердің тракторларды басқа өздігінен жүретін машиналарды басқаруға денсаулығының жарамдылығы туралы медициналық анықтамасы және біліктілік куәлігі бойынша тек мемауылтехқадағалау инспекцияларында жүргізіледі.

3.3. Тракторларда, басқа өздігінен жүретін машиналарда тұрақты жұмыс істеп, соңғы 12 ай мерзім ішінде жол жүру, машиналарды техникалық пайдалану ережелерін бұзбаған кісілерге куәлік білімі тексерусіз алмастырылады.

Тракторист-машинист болып тұрақты жұмыс атқарғанын дәлелдейтін құжат жұмыс орнынан берілген анықтама болып табылады.

Сақтандыру талонында күші сақталған компостерлік тесік (белгі) болса, куәлік жол ережелерін бұзғаны үшін белгі соғылған талаптар бойынша білімі тексерілгеннен кейін алмастырылады. Бұл жағдайда компостерлік тесік (белгі) жаңа сақтандыру талонына түсірілмейді.

3.4. Тракторист-машинист болып соңғы 12 ай ішінде тұрақты жұмыс істемегендерге куәлік жол жүру ережелерінен білімі тексерілгеннен кейін алмастырылады, ал бір жылдан артық жұмыс істемегендер оған қосымша практикалық машина жүргізу дағдыларынан емтихан тапсырады.

3.5. Алмастырылған жаңа тракторист-машинист куәлігінің "Ерекше белгілер үшін" графасына бұрынғы куәліктің сериясы, реттік саны және берілген уақыты көрсетіледі.

3.6. Куәлік жоғалған жағдайда жаңа куәлік "Дубликат" деген белгімен механизатордың арызы, біліктілік куәлігі және медициналық анықтама негізінде, ал кейбір жағдайларда - куәліктің жоқтығын басқа мемауылтехқадағалау инспекциялары және МАИ органдарында анықталғаннан кейін мемауылтехқадағалау инспекциясынан беріледі. Мемауылтехқадағалау инспекциясы барлық қажетті құжаттар болған жағдайда арыз түскен күннен бір ай мерзім ішінде механизаторлардың жол жүру және машиналарды техникалық пайдалану ережелерінен білімін тексеріп, куәлік беруіне міндетті.

3.7. Жоғалған сақтандыру талонының орнына жаңасы жол жүру және

машиналарды техникалық пайдалану ережелерінен білім тексерілген соң беріледі

3.8. Сақтандыру талоны мына жағдайларда алмастырылады:

- басқа категориялардағы машиналарды жүргізуге рұқсат алғанда;
  - пайдалануға жарамсыздыққа жетсе;
  - куәлік алмастырылғанда;
  - сақтандыру салоны жойылғанда;

- салон иесінің сұрауы бойынша сақтандыру талонды екі немесе одан артық белгілер болып, оның соңғысына бір жылдан артық уақыт өткен болса.

3.9. Жүргізу құқынан бір жылға дейін мерзімге айырылып, мерзімі біткен кісілерге тракторист-машинист куәлігі шаруашылық, мекеме, кәсіпорын, ұйымдардың өтініші, трактор, басқа өздігінен жүретін машиналарды жүргізуге жарамдылығы туралы медициналық анықтама және біліктілік куәлігін тапсырып, жол жүру, машиналарды техникалық пайдалану ережелерінен білімі тексерілген соң беріледі, ал жүргізу құқынан айыру мерзімі бір жылдан артық болған жағдайда жоғарыдағыларға қосымша - машиналар жүргізудің практикалық дағдыларынан емтихан тапсырылады.

#### **4. Куәліктерді жасау, жабдықтау және сақтау тәртібі**

4.1. Тракторист-машинист куәліктері және сақтандыру талондарының бланкалары облыстық мемауылтехқадағалау инспекциясының мәлімдемесі негізінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің тапсырысы бойынша жасалынады.

4.2. Тракторист-машинист куәліктері және сақтандыру талондарының бланкалары аса құнды құжаттар есебінде сақталуы тиісті.

4.3. Мемауылтехқадағалау инспекцияларында алмастырылған, бұрын пайдаланылған куәлік, сақтандыру талондарының бланкалары және толтырылған кезде бүлінген, сонымен қатар құқынан айырылып 12 ай мерзім ішінде қайта алынбаған куәліктен сақтандыру талондарының бланкалары жиналу санына байланысты, қайта пайдалануға жарамсыз түрге келтіріліп жойылады. Ол туралы тиісті акт жасалады.

4.4. Сақтандыру талоны мен куәлік алуға негіз болған құжаттар бөлек іске тігіліп, белгіленген тәртіп бойынша сақталады. Куәлік тіркелетін Кітап 45 жыл, қалған басқа құжаттар - 5 жыл сақталуы керек.

4.5. Медициналық анықтамалардың керекті көрсеткіштері ведомостке түсірілгеннен кейін біліктілік куәлігімен бірге иесіне қайтарылады.

Тракторлар, басқа өздігінен  
жүретін ауыл шаруашылық,  
мелиорациялық, жол-құрылыс  
машиналарын жүруге рұқсат беретін  
тракторист-машинист куәлігін  
беру туралы Нұсқаудың 1 қосымшасы

## ТРАКТОРИСТ-МАШИНИСТ КУӘЛІГІ Тракторист-машинист куәлігі

Фамилиясы \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты \_\_\_\_\_

Күні және туған жері \_\_\_\_\_

Сериясы және реттік саны	Көлемі 3 х 4 см. сурет жапсырылатын орын
-----------------------------	--

-----

( о б л ы с ы ,

-----

а у д а н ы )

Мемауылтехқадағалау  
инспекциясынан

берілді.

М.О.

" " \_\_\_\_\_ 19 \_\_\_\_\_ жыл

-----  
(куәлік берген инспекцияның  
өкілінің қолы)

-----  
(куәлік иесінің қолы)

Тракторлар және басқа өздігінен | Рұқсат берілгені  
жүретін машиналар категориялары | туралы белгі

-----

А. 14 кН (1,4 тс) дейінгі доңғалақты  
тракторлар

Б. 14 кН (1,4 тс) жоғарғы доңғалақты  
тракторлар

В. Шынжыр табан тракторлар

- Г. Механикалық трансмиссиялы өздігінен жүретін машиналар
- Д. Гидростатикалық трансмиссиялы өздігінен жүретін машиналар
- Е. Мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары, оның ішінде шөмішінің сыйымдылығы 0,65 куб м. дейінгі эксковаторлар

-----  
 Ерекше белгілер үшін

Тракторлар, басқа өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық, жол-құрылыс машиналарын жүргізуге рұқсат беретін тракторист-машинист куәлігін беру туралы

Н ұ с қ а у д ы ң

2 қосымшасы

1 1 1            2 2 2            3 3 3

САҚТАНДЫРУ ТАЛОНЫ сериясы \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_

А

Сериясы \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ тракторист-машинист куәлігіне.

Фамилиясы \_\_\_\_\_ Б

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты \_\_\_\_\_

В

\_\_\_\_\_ (мемауылтехқадағалау инспекциясының ресми аты)

Берілді " " \_\_\_\_\_ 19 жыл Г

\_\_\_\_\_ ( қ о л ы ) Д

М . О .

Е

Талон куәлік алынған соң 15 күн ішінде жұмыс істеуге рұқсат береді. Жоғалған жағдайда жол жүру және машиналарды техникалық пайдалану ережелерінен білім тексерілгеннен кейін жаңартылады.

4 4 4

5 5 5



**САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ БЕЛГІ ЖАСАЛАТЫН,  
ТӘРТІП БҰЗУШЫЛЫҚТАР  
ТІЗІМІ**

1. Жолдама қағазсыз, техникалық талонсыз, нөмірлік белгісіз жұмыс істеу және машиналарды ретсіз, басқа жұмыстарға п а й д а л а н у ы .
2. Техникалық қызмет көрсету ережелерінің бұзылуы.
3. Техниканы сақтау ережелерінің бұзылуы.
4. Басқа техникалық пайдалану ережелерінің бұзылуы.
5. Жол жүру ережелерінің бұзылуы.

" " \_\_\_\_\_ 19 жыл, Куәлік

(тәртіп бұзушылықтың түрі көрсетілуі

к е р е к )

а л ы н д ы .

(куәлікті алушының қызметі және фамилиясы)

Істі қарау үшін " " \_\_\_\_\_ 19 жылы

(инспекцияның аты көрсетілуі

к е р е к )

келуі керек.

Тракторлар, басқа өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық, жол-құрылыс машиналарын жүргізуге рұқсат беретін тракторист-машинист куәлігін беру туралы

**Н Ұ С Қ А У Д Ы Ң**

3 қосымшасы

Тракторист-машинист куәлігін алатындардың білімін

тексеру ведомосы N \_\_\_\_\_

облысы, \_\_\_\_\_ аудандық мемауылтехқадағадау

инспекциясы " " \_\_\_\_\_ 19 жыл

1 . Р е т т і к с а н ы

2. Фамилиясы, аты, әкесінің аты

3 . Т у ғ а н у а қ ы т ы

4. Емтихан тапсырушының оқу бітірген жері
5. Біліктілік куәлігінің реттік саны және оның берілген у а қ ы т ы
6. Медициналық анықтаманың реттік саны, берілген уақыты және берген мекеменің аты
7. К а т е г о р и я с ы
8. Білім тексеру қорытындысы (тапсырды, тапсырмады)
  - а) Жол жүру ережесі
  - ә) Машина жүргізу дағдылары
  - б) Техникалық пайдалану ережелері

Мемауылтехқадағалау инспекциясы, сонымен қатар білім тексеруге қатынасқан басқа қызметкерлердің лауазымы, фамилиясы, аты, әкесінің аты, қолдары қойылады.

Тракторлар, басқа өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық, жол-құрылыс машиналарын жүргізуге рұқсат беретін тракторист-машинист куәлігін беру туралы

**Н Ұ С Қ А У Д Ы Ң**

4 қосымшасы

**Тракторист-машинист куәліктері, сақтандыру талондары тіркелетін және берілетін КІТАП**

1. Р е т т і к с а н ы
2. Фамилиясы, аты, әкесінің аты
3. Туған жері мен уақыты (күні, айы, жылы)
4. Жұмыс істейтін жері (тұратын орыны)
5. Емтихан тапсырған күні және ведомостың реттік саны
6. Куәліктің берілген күні
7. Берілген куәліктің
  - а) к а т е г о р и я с ы
  - ә) сериясы және реттік саны
8. Талонның реттік саны мен сериясы
9. Алғандығы туралы қолы

Тракторлар, басқа өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық, жол-құрылыс машиналарын жүргізуге рұқсат беретін тракторист-машинист куәлігін беру туралы

# Н Ұ С Қ А У Д Ы Ң

5 қосымшасы

**Куәліктер, сақтандыру талондары және нөмірлік  
белгілер түсімі және шығындарын есептеп,  
тіркейтін ЖУРНАЛ**

	I .	К і р і с
	1 .	Т ү с к е н к ү н і
2 .	Б і р г е к е л г е н	қ ұ ж а т т ы ң р е т т і к с а н ы
	3 .	С е р и я с ы
	4 .	Р е т т і к с а н д а р ы
		а ) N д е н
		ә ) N - г е д е й і н
	5 .	С а н ы
I I .	Ш ы ғ ы с	
6 .	Ш ы ғ ы н ғ а	ш ы қ қ а н к ү н і
	7 .	Қ а й д а б е р і л д і
	8 .	С е р и я с ы
	9 .	Р е т т і к с а н д а р ы
		а ) N - д е н
		ә ) N - г е д е й і н
	1 0 .	С а н ы
	1 1 .	Қ а л д ы ғ ы

**Ескерту:** Бланктер мен белгілердің әр түріне Журналда жеке бөлімдер беріледі.